

## Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1512 қаулысы

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына, «Шымкент әуежайы» акционерлік қоғамының 100 % акцияларын республикалық меншікке беру туралы» Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 211 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шымкент әуежайы» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті (100 %) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігінен республикалық меншікке қ а б ы л д а н с ы н .

2. «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

1) Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде: «Оңтүстік Қазақстан облысы» деген бөлімде реттік нөмірі 1050-жол алынып т а с т а л с ы н ;

2) Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде: «Оңтүстік Қазақстан облысы» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 301-ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«301 «Шымкент әуежайы» АҚ».

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесіп, осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
*С. Ахметов*